ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ
(қысқаша)

2024 жылғы 01 қазан № 5501-24-00-2/2799 іс Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ж.О.Алишева, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Павлодар облысының білім беру басқармасы, Екібастұз қаласы білім беру бөлімінің "№ 5 жалпы орта білім беру мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
"SI Edu" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІМІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Павлодар облысының білім беру басқармасы, Екібастұз қаласы білім беру бөлімінің "№ 5 жалпы орта білім беру мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер "SI Edu" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алушыны жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

"SI Edu" жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

"SI Edu" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне мемлекеттік бажды 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес

жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Ж.О.Алишева**

Құжатқа қол қойылған: Алишева Ж. О., 01.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 11.11.2024, судья Алишева Ж. О., 12.11.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство